

ЖШС «ДКБ Сымбат» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін: _____

Балабақша меңгерушісі: Н. Байтұрсынова

«30» 08 2022 ж.



2022-2023 оқу жылының Ата-аналар жиналысының хаттамалары

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы.
Хаттама №1**

Қатысқан ата-аналар саны: - 60

14.09.2022ж

Күн тәртібі:

1. «Келіңіз танысайық» , ата-аналарға балабақша ережесімен, мақсаттарымен күн тәртібімен таныстыру.
2. Кеңес: «Бала сұрағына қалай жауап беру керек?»
- 3.«Дені сау отбасы – ұлттың саулығы». Мейірбикенің тұмау туралы баяндамасы.
3. Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайтудың жолдары. Ата-аналармен пікір алмасу.Сауалнама жүргізу

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақшаның менгерушісі Н.Байтурсынова сөз алып ,алға қойған мақсаттар мен жұмыстарға тоқталыпб балабақшаның ережелерін үндіріп өтті. Құрметті ата-аналар бас косудағы мақсатымыз баланы дамыту мен тәрбиелеу үшін күш біріктіру ортақ қызығушылықтармен туындаған киыншылықтарды бірлесіп шешім қабылдап, бірін-бірі қолдау, бағдарламалар бойынша жеткен жетістіктермен таныстыру, бала тәрбиесі бойынша педагогикалық әдістемелік көмек көрсету екенін айта отырып жаңа оқу жылындағы мақсаттармен, жоспарлармен таныстыру.

Балабақша педагог ұжымдары балаларымызға ерінбей еңбек етіп, білім мен тәрбие беруде. Педагогикалық үдеріс мемлекеттік стандарт пен бағдарламаларға сүйеніп жүргізілуде. Әрбір қызметкер күн тәртібіндегі жұмыстарға жауапты қарап, талапқа сай, ықыласпен, дайындықпен өткізіледі. Жетістіктеріміз, балалар тәрбиешімен бірге жаттығулар жасап, серуенге шығып, ойын сабақ кезінде тапсырмалар орындап үйренді. Ережеге бағынып ойын кезінде өзін-өзі ұстауы, достарымен бірге әрекет етуде. Балабақшада әрбір ата-анаға баланың балабақшадағы өмірімен танысуға, құрдастарымен қарым-қатынасын бақылауға, баласының іс, әрекетін жасау үстіндегі жағдайын бақылау, көруге мүмкіндік беруге «ашық есік күні» жоспарлануда.

Үнемі тығыз қарым-қатынаста болып, балаларды өсіріп тәрбиеленуде, күш біріктіруде ата-аналар комитетін сайлауды ұсынамын деді.

Сөйлегендер: Бүркітбай Нұрәлемнің әжесі Құндызай апай сөз алды. Балабақша ұжымына рахметімді айтамын. Менің немерем ұялшақ, тартыншақ еді. Көпшілікке үйреніп, өз ойын айтып, күнде жасаған жұмыстары, ойындары туралы айтып барады. Келешекте мектепте қиналмайды деген ойдамын. Мен ата-аналар комитетінің төрайымы, етіп Палуанова Аманкүлді ұсынамын,- деді.

Ата-ана Хайтова Бахмал апай сөз алды: Жалпы баланы жастайынан тәрбиелеген жақсы. Көпшілік жерде балалар тәртіпке үйренеді. Қолымыздан келгенше жәрдем беріп, бала тәрбиесіне өз үлесімізді қосайық. Мен көмекшілері етіп Исломова Мохинур мен Хайтов Хайитбойды ұсынамын деді.

Ата – аналар бірауыздан қолдап қуаттады. Ата-аналарды балалақша күн тәртібімен таныстырып болған соң, ата-ана міндеттерімен таныстырып, келісім шартқа тұрды.

2.Тыңдалды : Балабақша Мейірбикесі сөз алды: Бала алғаш балабақшаға келгенде таныс емес үлкен адамдармен , балалармен танысады, мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгереді. Өкінішке орай бала балабақшаға бейімделуі көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, бабалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да , қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды. Оның себебі, бұрын басқа бөтен адамдармен қалып көрмегендіктен, дәретке өзі отырып үйренбегендіктен , кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ , -деп атай келе ата-аналарға ертеңгілік қоштасуды жеңілдетудің тәсілдері туралы айтып өтті. Және ата-ананың үйде балабақша туралы балаға жағымды әңгімелер айтып, жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау керектігін айтып өтті. Ата-ана міндеттерімен таныстыра отырып, оларға кеңес беріп өтті. «Ата-ана мейірімі» ойынын ойнатты.Түрлі жағдаяттар туралы пікір алмасты. Мейірбике «Дені сау отбасы – ұлттың саулығы» тақырыбында баяндама оқыды. Ата-аналарға ұсыныстар айтылды.

3. **Тыңдалды:** балабақша меңгерушісі Н.Байтурсынова алып: Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайтудың жолдары жайлы ата-аналармен пікір алмасайық деді. Балабақшадағы атқарылып жатқан жұмыстардың мән-мағынасына тоқталып, баланың күнделікті оқу іс әрекеті, мінез-құлқы, басқа балалармен қарым-қатынасы тек балабақшада ғана қалыптасып дамып қоймай отбасында да үлкен қарқынмен қалыптасып, біте қайнасып жатады деп атап өтті. Сондықтанда баланың өмірінде ең алдымен отбасында қалыптасқан үрдістер балабақша қабырғасында даму жолына түсіп жатады-деді. Сіз болып, біз болып балаларды дұрыс тәрбие алар еді.

Сөйледі: Балабақша әдіскері Ж.Жанаева «Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген. Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы. Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланыс арқылы одан әрі жалғасады. «Жаста білген,басқа сіңген тәлімің,өзің өлмей сүйегіңнен қала алмас», – деп классик жазушы айтқандай балалық шақтан бойына орныққан, ана сүтімен даритын, ұлттық есіміз нышандары, сөз өнері оның болашақ шамшырағына айналып, рухани байлығын кеңейтеді.Оны туған жерге, елге, халқына деген

сүйіспеншілікке, патриоттыққа тәрбиелеу – аса жауапты міндеттердің бірі.«Жұмыла көтерген жүк жеңіл»дегендей бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар – балабақша мен отбасы.Мектеп жасына дейінгі мекеменің отбасымен өзара қарым-қатынас барлық нысандары мен түрлерінің негізгі максаты балалар, ата-аналар, педагогтар арасында сенімділік қатынасты орнату, оларды бір командаға біріктіру, өздерінің проблемаларымен бөлісу және бірлесіп шешу қажеттілігіне тәрбиелеу.

Ата-аналарды ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатыстырудың маңызды нәтижесі ата-аналар өз балаларының оларға тән емес ортадағы қылығын, оның басқалармен қалай араласуын, білім деңгейін, құрдастарының оған деген қарым-қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан артта қалған жоқ па, балабақшада ол үйдегідей емес, өзін басқаша ұстауын еріксіз салыстырады. Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Ата-аналардың балабақшадағы балалардың өмірін мейілінше қызықты етіп өткізуіне үлес қосу үшін біздің балабақшада «Шебер қолдар» үйірмесі жұмыс жасайды.Шығармаларды, ертегілерді, әңгімелерді еске түсіріп сөйлеу шығармашылығын дамыта отырып, театрлық көрсетулер ұйымдастыруға болады. Ата-аналармен жүргізілген жиналыстарда балалардың жұмыстарынан көрме жасап қоямыз. Қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу.

Ата-аналармен мейілінше кең тараған жұмыстардың бірі ол ашық есік күні. Мектеп жасына дейінгі мекеменің, оның дәстүрлерімен, ережелерімен, тәрбиелеу – оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, олармен қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік береді. Ата-аналармен топтарға саяхат жасау, балабақша жұмысынан үзінді көрсету (ұжымдық жұмыстар, серуендеуге жинау т.с.с.) немесе әдіске ата-аналармен әңгімелеседі, олардың алған әсерлерін анықтайды, туындаған сұрақтарға жауап береді. Әңгімелерді жеке дара, ұжымдық түрінде өткіземіз. Бұл екі жағдай да, нақты міндет: нені анықтау қажеттігі, немен көмектесуге болатыны белгіленеді, ата-аналардың пікірлерін де тыңдаймыз.

Шешім:

1. Ата-аналар комитеттінің төрайымы мүшелері етіп Палуанова Аманкүл Исломова Мохинур мен Хайтов Хайитбой сайлансын.
2. Ата-аналармен балабақша арасындағы қарым – қатынас, байланыс істері жандана түссін.
3. Салауатты өмір салтын ұстанайық.

Төрайым:
Хатшы:



Н.Байтурсынова
Ж.Жанаева

**Ата-аналар жиналысының
№ 2 хаттамасы.**

Қатысқандар: 43

19.05.2023ж

Күн тәртібі:

1. «Қош келдің Жаркын жаз».
Жазғы сауықтыру шаралары, демалыстар жөнінде.
2. «Балаңыз мектепке баруға дайынба?» Ата-аналармен тренинг.
3. «Гүлдер, гүлдер көп гүлдер» асфальт үстіне сурет салу. Түрлі түсті борлармен сурет салудан отбасылық сайыс.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе жөнінде балабақша меңгерушісі Н.Байтурсынова сөз алды: Балаларымыз бір жасқа есейіп қалғанын байқадық па? Бір жыл бойы алған тәрбиемен білімге есеп беріп, қол жеткізген нәтижеміз де жоқ емес. Балаларымыз балабақша күн тәртібіне үйреніп, бойлары өсіп, салмақтары артып тәрбиеші берген тапсырманы ұқыпты орындап, ойын мен сабаққа ықыласпен карап, құрдастарымен ынтымақты қарым-қатынаста болуды меңгеріп қалды. Жан-жақты тәрбие алуда балалар әңгіме, ертегі айтуды, сахналауды, санауды, оң солын ажыратып, сурет салуды, ойын ережесіне бағынуды үйренді. Балалар жыл бойы білім алды. Енді жаз келді, жазғы жеңілдетілген кестеге ауысып жазғы сауықтыру шаралары өткізіледі. Балаларды шынықтыруда.

- Ауа және күн ванналарын қабылдау.
- Жалаң аяқ құм үстімен жүру.
- Бассейінде шомылу.
- Қимылды ойындар.
- Ылғал шүберекпен денесін ысқылау.
- Жоғарыдан төмен қарай су құю
- Спорттық мерекелер.
- Сәлем жаз мерекесі.
- 1 маусым күніне мерекелік қойылым өту.

Жоспарлануда. Балалармен жазда тиімді демалуларыңызға, қауіпсіздік ережесін сақтауларыңызға кеңес беремін. Балабақшада өткізілген жазғы сауықтыру шаралары кезінде қызметкерлер мен медбике жауапты болады деді.

Екінші мәселе бойынша . Балабақша әдіскері Ж.Жанаева сөз алды: Бала-бауыр етін деп айтылғандай, барлық жақсы нәрсені балаларға беруге тырысамыз. Балалар бақшада ойнай отырып көптеген дағдыларды меңгереді. Кішкентай кезінен қалыптасқан қасиет пен білім, тәрбие өмірлік азығы болады. Қазір балалардың есте сақтау, жананы қабылдау қабілеттері өте жақсы. Өз ойларын да қысылмай айтуға, жеткізуге асығады. Жан-жақты даму құзіреттілігінің деңгейінің көрсеткіштері де жақсы. Ересек топ балаларының ішінде . мектепке

ДКБ «Сымбат» бөбекжай балабақшасы



Баяндама

Тақырып: «Балалардағы ЖРВИ»

Дайындаған мейірбике:

Бобомуратова Н.

2024 жыл

Балалардағы ЖРВИ

ЖРВИ, тұмау: ауру белгілері және алдын алу шаралары



Бүгінгі таңда ЖРВИ және тұмау аурулары тіркелуде. Сондықтан вирустың белгілері, онымен қалай күресу және алдын-алу шаралары туралы білу маңызды.

ЖРВИ және тұмау ауруларының негізгі белгілері: жоғары температура, жалпы интоксикация, әлсіздік, тамақ ауруы, мұрын бітелуі.

Тұрғындар арасында тұмаудың және басқа да жіті респираторлық вирустық инфекциялардың таралуының алдын алу мақсатында мыналарды ұсынамыз:

- адамдар көп жиналатын жерлерде, әсіресе жабық жерлерде болу уақытын шектеу, мүмкін болса, түшкіру немесе жөтелу сияқты ауру белгілері бар адамдармен байланысын шектеу;
- жөтел этикетін сақтау, яғни алақанға жөтелмеу, ал жөтел кезінде ауыз бен мұрынды орамалмен, майлықпен жабу, респираторлық инфекциялардың оршуі кезінде қолды өз бетіне тигізбеу;

- қолды сабынмен жиі және мұқият жуыңыз, әсіресе көше мен қоғамдық көліктен кейін, қолыңызды үнемі дымқыл гигиеналық және дезинфекциялық құралдармен өңдеңіз;

- мұрын қуысын тұзды ерітіндімен, әсіресе көше мен қоғамдық көліктен кейін жууды.

ЖРВИ мен тұмаудың алғашқы белгілерінде өзін-өзі емдеуге болмайды, медициналық көмекке жүгіну керек, дәрігерді үйге шақыру керек, ауруды таратпау үшін науқас баланы балабақшаға немесе мектепке жібермеу керек. Ұзақ мерзімді ауру көбінесе асқынулар тудырады. Олардың ішіндегі ең көп таралғаны және қауіптісі – пневмония.

Сондай-ақ инфекцияны болдырмауға көмектесетін белгілі **арнайы емес профилактикалық шаралар** бар. Бөлмені күн сайын желдетіп, қолыңызды мұқият жуып, антисептик пайдаланып, ауру өршіген кезеңде адамдар көп жиналатын іс-шаралардан бас тарту немесе бетперде тағу, иммунитетті нығайту, спортпен шұғылдану және ұйқы мен тамақтану сапасын бақылау қажет.

Неліктен балаларға аспирин қабылдауға болмайды

Нұр-Сұлтан, BAQ.KZ. Аспиринді 12 жасқа дейінгі балаларға тұмау кезінде ғана емес, басқа да аурулар кезінде мүлдем беруге болмайды.

Бұл туралы терапевт-дәрігер Ирина Ярцева "Звезда" телеарнасына берген сұқбатында айтты. Дәрігердің айтуынша, вирустық инфекция мен ацетилсалицил қышқылы қосарласқан кезде баланың бауыры зақымдалып, Рейе синдромы туындауы мүмкін. Терапевт бұндай асқыну бала үшін қауіпті екенін атап өтті. "Қарапайым аспиринді қабылдау бала ағзасында мұндай реакция туындататынын ешкім аңғармай қалады. Бірден бауырды тексеру ойларына келмейді", - дейді Ирина Ярцева. Zdrav.kz мәліметінше, Рейе синдромы - 15 жасқа дейінгі балалардың бауырларында май тінінің жиналып қалуы мен мидың ісінуімен жүретін өте сирек кездесетін бұзылыс. Бұл синдром тұмау және желшешек сияқты вирустық инфекцияны басынан өткергеннен кейін туындауы мүмкін. Аспирин осы синдромның болуын едәуір арттырады, сондықтан 20 жасқа дейінгі жастарға вирустық инфекция кезінде аспирин қолданбау керек, тек қана дәрігер рұқсатымен ғана қабылдағаны дұрыс.

Сондай-ақ, Ярцеваның сөзінше, аспирин ішімдік ішкеннен кейін бас жазуға көмектесетіні шындыққа жанаспайды. Керісінше препарат ішімдіктің уытты әсерін арттыратын көрінеді.

ДКБ «Сымбат» бөбекжай балабақшасы



Баяндама


Тақырып: «Ботулизм»

Дайындаған мейірбике:

Бобомуратова Н.

2024 жыл

Ботулизмнен сақ болыңыз!



Ботулизм – *Clostridium botulinum* бактериясы шығаратын токсиннен туындаған сирек, бірақ ауыр сырқат.

Ботулизмді болдырмау үшін кейбір алдын алу шараларын сақтау керек:

1. Ботулизм көбінесе нашар консервіленген немесе дұрыс оралмаған тағаммен байланысты. Егер сіз үйде тағамды консервілеумен айналысатын болсаңыз, қауіпсіздік жөніндегі ұсынымдарды ескеріңіз, дұрыс консервілеу әдістерін қолданыңыз және гигиенаны сақтаңыз.
2. Ерекше иісі, сыртқы түрі немесе бүліну белгілері бар тағамдарды тұтынбаңыз. Алайда өнімнің сыртқы түрін өзгерте алмайтын *Clostridium botulinum* бактериясы бар.
3. Ботулизм кейде нашар пісірілген немесе сақталған саңырауқұлақтарды тұтынумен байланысты. Саңырауқұлақтарды дұрыс өңдеп, сақтағаныңызға көз жеткізіңіз және оларды жинау кезінде қауіпсіздік бойынша ұсынымдарды есте сақтаңыз.
4. Ботулизмнің кейбір жағдайлары пастерленбеген балды тұтынумен байланысты болды. Бір жасқа толмаған балаларға пастерленбеген балды тұтыну ұсынылмайды.

5. Бір жасқа толмаған балаларға *Clostridium botulinum* бактериясы жұғуы мүмкін тағамдарды (бал, жаңғақ пастасы және шикі немесе толық пісірілмеген тағамдар) беруден аулақ болыңыз.

6. Тағамды дұрыс өңдеуді, пісіруді және сақтауды қамтамасыз етіңіз. Тағамды дұрыс термиялық өңдеу бактерияларды, оның ішінде *Clostridium botulinum*-ды өлтіреді және инфекция қаупін болдырмайды.

7. Ботулизмнің белгілері туралы біліп, ауруға күдік туындаған кезде дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

Ботулизм сирек кездесетін ауру екенін есте ұстаған жөн және тағамның жалпы қауіпсіздік қағидаларын сақтау, әдетте оның пайда болуын болдырмау үшін жеткілікті. Егер сізде сұрақтар немесе алаңдаушылық туындаса, медицина маманынан немесе дәрігерден кеңес алу ұсынылады.



***Clostridium botulinum*-нің**

микропрепаратын фотосурет

Ботулизм - (лат. *botulus* — колбаса) — жалпы организмнің улануына әкеліп соғатын инфекциялық аурудың ауыр түрі. Аурудың қоздырғышын 1896 ж. голландия ғалымы Э. ван Эрменгем ашқан. Ботулизм *Clostridium botulinum* таяқшасы бөліп шығаратын улы затпен (токсин) бүлінген тамақтан жұғады. Б-нің қоздырғышы адамның, жануарлардың және балықтардың ішек жолдарында болады. Топыраққа түскеннен кейін спораға айналып, онда бірнеше жыл бойы сақталады. Ботулизм адамдарға көкөністен, саңырауқұлақтан, еттен, балықтан технологиялық ереже сақталмай дайындалған әр түрлі консервіленген тағамдарды

пайдаланғанда жұғады. Ауру белгісі 2 — 12 сағаттан кейін байқала бастайды, адамның басы ауырып, ұйқысы қашады, әлсірейді, лоқсып құсады, жүрегі тоқтап қалғандай болып, аузы құрғап, үнемі шөлдеп тұрады. Сонымен қатар көздің қарашығы ұлғайып, зат қосарланып көрінеді, адамның жұтынуы қиындап, бірте-бірте даусынан айрылады (афония). Ботулизмнің алғашқы белгісі білінісімен науқасты ауруханаға жатқызу керек. Оған жедел түрде Ботулизмге қарсы арнаулы иммунды сарысу егіледі. Мұндай сарысуды науқаспен бірге болып, уланған консервімен тамақтанған басқа адамдарға да егу қажет. Бұл аурудан сақтану үшін азық-түліктерді өндегенде, тасымалдағанда, сақтағанда, дайындағанда, соның ішінде үйде консервілегенде санитарлық-гигиеналық ережелерді мұқият орындау қажет.

Ботулизм ауруы-бұл тамақтан уланудың ауыр түрі, уақытында дәрігерге көрінбесе өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін. Көбіне үй жағдайында дайындалған қолдан жапқан саңырауқұлақ, баклажан, көкөніс салат, ет, балық консервілерін пайдаланғаннан болады. Белгілері – әлсіздік, іш ауруы, құсудың пайда болуы, көз алды торланып, бұлдырайды, бір нәрсе екеу болып көрінеді, ішкен асы тамақтан өтпей, иашалады, жұтыну қиындайды, даусы қарлығып, мұрын арқылы сөйлейді. Аурудың алдын алу мақсатында базар, сауда нысандарынан, белгіленбеген сауда орындарынан үй жағдайында дайындалған, қолдан жапқан консервіленген саңырауқұлақ, көкөніс салат, ет, балық өнімдерін сатып алуға болмайды. Консервіленген салаттарды пайдаланған кезде сақтайтын, пайдаланатын уақыт мерзімін қараңыз, қақпағы күмпиген (бомбаж) салаттарды пайдаланбаңыз. Үй жағдайында ет, балық, саңырауқұлақ консервілемеген дұрыс. Жеміс-жидек, көкөніс консервіленген кезде оларды жақсылап жуып, тазасын, бүлінбегенін пайдаланыңыз.



Баяндама

Тақырып: «Тұмау қауыпты ауру»

Дайындаған мейірбике:

Бобомуратова Н.

2024 ЖЫЛ

ЖРВИ, тұмау: ауру белгілері және алдын алу шаралары



ЖРВИ, тұмау: ауру белгілері және алдын алу шаралары

Бүгінгі таңда ЖРВИ және тұмау аурулары тіркелуде. Сондықтан вирустың белгілері, онымен қалай күресу және алдын-алу шаралары туралы білу маңызды.

ЖРВИ және тұмау ауруларының негізгі белгілері: жоғары температура, жалпы интоксикация, әлсіздік, тамақ ауруы, мұрын бітелуі.

Тұрғындар арасында тұмаудың және басқа да жіті респираторлық вирустық инфекциялардың таралуының алдын алу мақсатында мыналарды ұсынамыз:

- адамдар көп жиналатын жерлерде, әсіресе жабық жерлерде болу уақытын шектеу. мүмкін болса, түшкіру немесе жөтелу сияқты ауру белгілері бар адамдармен байланысын шектеу;
- жөтел этикетін сақтау, яғни алақанға жөтелмеу, ал жөтел кезінде ауыз бен мұрынды орамалмен, майлықпен жабу, респираторлық инфекциялардың өршуі кезінде қолды өз бетіне тигізбеу;
- қолды сабынмен жиі және мұқият жуыңыз, әсіресе көше мен қоғамдық көліктен кейін, қолыңызды үнемі дымқыл гигиеналық және дезинфекциялық құралдармен өңдеңіз;

- мұрын қуысын тұзды ерітіндімен, әсіресе көше мен қоғамдық көліктен кейін жууды.

ЖРВИ мен тұмаудың алғашқы белгілерінде өзін-өзі емдеуге болмайды, медициналық көмекке жүгіну керек, дәрігерді үйге шақыру керек, ауруды таратпау үшін науқас баланы балабақшаға немесе мектепке жібермеу керек. Ұзақ мерзімді ауру көбінесе асқынулар тудырады. Олардың ішіндегі ең көп таралғаны және қауіптісі – пневмония.

Сондай-ақ инфекцияны болдырмауға көмектесетін белгілі **арнайы емес профилактикалық шаралар** бар. Бөлмені күн сайын желдетіп, қолыңызды мұқият жуып, антисептик пайдаланып, ауру өршіген кезеңде адамдар көп жиналатын іс-шаралардан бас тарту немесе бетперде тағу, иммунитетті нығайту, спортпен шұғылдану және ұйқы мен тамақтану сапасын бақылау қажет.

Жеке қорғаныс құралдары дегеніміз не? Олар не үшін қажет.

Негізгі балаларға аспирин қабылдауға болмайды

Нұр-Сұлтан, BAQ.KZ. Аспиринді 12 жасқа дейінгі балаларға тұмау кезінде ғана емес, басқа да аурулар кезінде мүлдем беруге болмайды.

Бұл туралы терапевт-дәрігер Ирина Ярцева "Звезда" телеарнасына берген сұқбатында айтты.

Дәрігердің айтуынша, вирустық инфекция мен ацетилсалицил қышқылы қосарласқан кезде баланың бауыры зақымдалып, Рейе синдромы туындауы мүмкін. Терапевт бұндай асқыну бала үшін қауіпті екенін атап өтті. "Қарапайым аспиринді қабылдау бала ағзасында мұндай реакция туындататынын ешкім аңғармай қалады. Бірден бауырды тексеру ойларына келмейді", - дейді Ирина Ярцева.

Zdrav.kz мәліметінше, Рейе синдромы - 15 жасқа дейінгі балалардың бауырларында май тінінің жиналып қалуы мен мидың ісінуімен жүретін өте сирек кездесетін бұзылыс. Бұл синдром тұмау және желшешек сияқты вирустық инфекцияны басынан өткергеннен кейін туындауы мүмкін. Аспирин осы синдромның болуын едәуір арттырады, сондықтан 20 жасқа дейінгі жастарға вирустық инфекция кезінде аспирин қолданбау керек, тек қана дәрігер рұқсатымен ғана қабылдағаны дұрыс.

Сондай-ақ, Ярцеваның сөзінше, аспирин ішімдік ішкеннен кейін бас жазуға көмектесетіні шындыққа жанаспайды. Керісінше препарат ішімдіктің уытты әсерін арттыратын көрінеді.

ЖШС «ДКБ Сымбат» бөбекжай балабақшасы



САУАЛНАМА
(Ата – аналар жиналысына)

Шухтаева Гушай

АТА – АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН СЛУАЛНАМА

Қалалық білім беру бөлімі сіздің баланыз баратын бала бақшаны аттестациядан өткізуде.

Сізден төмендегі сұрақтарға жауап беруіңізді өтініміз:

1. Баланыздың жасы 3

2. Сіз қалай ойласыз, балабақша

- ауыл ішінде беделді ме ☒

- балабақша туралы ешкім ештеңе айтпайды ☐

- жауап беруге қиналамын ☐

3. Балабақшаның баланызды тамақтандыру деңгейіне ризасыз ба?

иә жоқ (қажетінің астын сызыңыз)

4. Сіздің баланыз балабақшаға:

- барғысы келіп тұрады ☐

- күштеп, көз жасын қолдетіп апарамыз ☐

- өз ниетімен барғысы келетін кезі сирек ☐

5. Мен балам бақшадан: _____ деп ойлаймын

- жаңа білім, дағды мен іскерлікке үйренеді ☐

- жаңа ешнәрседе алмайды ☐

- жауап беруге қиналамын ☐

6. Мен _____ көбірек көңіл болу керек деп есептеймін:

- баланың денсаулығын нығайтуға ☐

- оқыту мен тәрбиелеуге ☒

- имандылық – көркемдік тәрбиеге ☐

7. Төнтағы педагогтардың жұмысына көңіліңіз тола ма?

иә жоқ ☐ (қажетінің астын сызыңыз)

Егер де жоқ болса, сізге не ұнамайтынын ашық жазыңыз: _____

Сіздің ескертулеріңіз бен

ұсыныстарыңыз: жоқ

Ата-ана: Шухтаева Гушай

Абдусамат Амар.

АТА – АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

Қалалық білім беру бөлімі сіздің балаңыз баратын бала бақшаны аттестациядан өткізуде.

Сізден төмендегі сұрақтарға жауап беруіңізді өтініміз:

1. Балаңыздың жасы 4

2. Сіз қалай ойласыз, балабақша

- ауыл ішінде беделді ме ☐

- балабақша туралы ешкім ештеңе айтпайды ☒

- жауап беруге қиналамын ☐

3. Балабақшаның балаңызды тамақтандыру деңгейіне ризасыз ба?

иә жоқ (қажетінің астын сызыңыз)

4. Сіздің балаңыз балабақшаға:

- барғысы келін тұрады ☒

- күштеп, көз жасын көлдетіп апарамыз ☐

- өз ниетімен барғысы келетін кезі епрек ☐

5. Мен балам бақшадан: _____ деп ойлаймын

- жаңа білім, дағды мен іскерлікке үйренеді ☒

- жаңа ешнәрседе алмайды ☐

- жауап беруге қиналамын ☐

6. Мен _____ көбірек көңіл бөлу керек деп есептеймін:

- баланың денсаулығын нығайтуға ☐

- оқыту мен тәрбиелеуге ☒

- ымырашылық – көркемдік тәрбиеге ☐

7. Топтағы педагогтардың жұмысына көңіліңіз тола ма?

иә жоқ ☐ (қажетінің астын сызыңыз)

Егер де жоқ болса, сізге не ұнамайтынын ашық жазыңыз: _____

Сіздің ескертулеріңіз бен

ұсыныстарыңыз: _____